



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ



**«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ: ДЕНСАУЛЫҚ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР,
КӘСІБИЛІК»
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
СЕКЦИЯСЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ПРОГРАММА
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ СЕКЦИИ ПЕДАГОГОВ ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ
«ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА: ЗДОРОВЬЕ, ЦЕННОСТИ,
ПРОФЕССИОНАЛИЗМ»**

2025

МОДЕРАТОР:

Арман Бахытжанович Ташметов,
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры

БІРЛЕСКЕН

МОДЕРАТОРЛАР:

Наталья Александровна Дрейт,
ҚР ОМ ҰҒПДТО бас директорының академиялық сұрақтар жөніндегі орынбасары, педагог-шебер, магистр

Дархан Самбетович Байбосынов,
ҚР ОМ ҰҒПДТО бас директорының орынбасары, магистр

10:00-10:30

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ



Еділ Сабырұлы Оспан
ҚР Оқу-ағарту вице-министрі



Серік Маратұлы Жарасбаев
ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары



Қаныбек Бекболатұлы Жұмашев
ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы



Калмаков Ерлан Болатович
Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру Департаментінің директоры

10:30-10:40



Арман Бахытжанович Ташметов

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры

Білім алушылардың салауатты өмір салты мен кәсіби өсуінің негізі ретінде дене шынықтыруға құндылық қатынасын қалыптастыру



15:20-15:30

Алия Курмангалиевна Исанова

ҚР ОМ ҰҒПДТО Спорттық ісшараларды өткізу, статистика және талдау бөлімінің жетекші сарапшысы

Білім алушылардың спорттық шеберлігін арттырудағы спорт сыныптарының рөлі (Орал қ. №1 мектеп тәжірибесі негізінде)



15:30-15:40

Наталья Викторовна Прицкау

Алматы облысы Боралбай кенті «№17 мектеп» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

«ПББ Ассистент» мобильді қосымшасы педагогтердің білімін бағалауға дайындық кезінде дене шынықтыру мұғалімдерінің көмекшісі ретінде



Рашид Нарзуллоевич Абдурахмонов

Алматы қ. «№25 гимназия» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-модератор

«ПББ Ассистент» мобильді қосымшасы педагогтердің білімін бағалауға дайындық кезінде дене шынықтыру мұғалімдерінің көмекшісі ретінде



15:40-15:50

Гульзира Токтарбековна Алиаскарова

«Жетісу облысы білім басқармасы» ММ «Дене шынықтыру, спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім беру ғылыми-практикалық орталығы» КММ аға әдіскері, педагог-шебер

Дене шынықтыру сабағындағы арнайы терминология



15:50-16:00

Наталья Владимировна Сорсова

Жетісу облысы Талдықорған қ. «№ 12 орта мектеп-гимназиясы» КММ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Заманауи талаптарды ескере отырып, педагогикалық шеберлікті дамыту



16:00-16:10

Дархан Самбетович Байбосынов

ҚР ОМ ҰҒПДТО бас директорының орынбасары, магистр

Ұлттық мектеп лигасына негізделген клуб жүйесі

10:40-10:50



Ханат Нурбинович Касенов

Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының Академиялық қызметтер жөніндегі проректоры, PhD, қауымдастырылған профессор

Дене шынықтыру 4.0: Болашақ мамандарды заманауи, цифрлық әрі салауатты өмірге қалай дайындаймыз?

10:50-11:00



Мария Наятовна Ерманова

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты директоры

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдірудің басым бағыттары

11:00-11:10



Айгүл Батыйханқызы Алданова

Назарбаев Университеті, Медицина мектебінің ғылыми қызметкері,
The Studio фитнес орталығының негізін қалаушы

Дені сау ұрпақ қалыптастыруда спорт медицинасы, фитнес және мектеп дене тәрбиесінің сабақтастығы: халықаралық тәжірибені енгізу мүмкіндіктері

11:10-11:30



Вадим Цхе

«World Class» фитнес клубының фитнес нұсқаушысы, OPT Қазақстан арнасында спорттық айдардың жүргізушісі, Silla, Fight, Xcore, RealRyder фитнес бағдарламаларының авторы

«Дене шынықтыру: қол жетімділік, бірізділік, жүйелілік» шеберлік сыныбы (ата-аналар мен балалар үшін)

11:30-11:35



«Дене шынықтыру: денсаулық, құндылықтар, кәсібилік» дене шынықтыру педагогтерінің республикалық секциясына қатысушылардың физикалық жаттығуды орындауы



11:35-11:50

Базаргуль Жикебаевна Срымова

Ақтөбе қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің және № 51 гимназияның дене шынықтыру мұғалімі, педагог-зерттеуші

Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық этикасы салауатты және құндылыққа бағдарланған тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде



11:50-12:10

Станислав Олегович Котов

Тараз қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиалының химия пәнінің мұғалім-сарапшысы, Lesson Study дүниежүзілік қауымдастығының мүшесі

Lesson Study ұйымының ғылыми-әдістемелік алгоритмі дене шынықтыру сабақтарында педагогикалық практиканы жетілдіру құралы ретінде



12:10-12:20

Жанат Ахатовна Раймбекова

ҚР ОМ ҰҒПДТО Дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру зертханасының меңгерушісі, п.ғ.к.

Дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру процесінде кәсібилік пен құндылық бағдарларын қалыптастыру шарты ретінде



12:20-12:30

Елена Ивановна Копкина

ҚР ОМ ҰҒПДТО аға әдіскері, Астана қаласы № 6 гимназия мектебінің дене шынықтыру мұғалімі, педагог-шебер

«Дене шынықтыру» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды енгізу ерекшеліктері туралы



12:30-12:40

Тастанбек Құтжанұлы Есентаев

Спорт бойынша философия докторы(PHD), ҚР спорт қайраткері

«Сенің олимпиада оқулығың» кітабының презентациясы

12:40-13:00

СҰРАҚ-ЖАУАП, ТАЛДАУ

13:00-14:30

ТҮСКІ АС

14:30-14:40



Стэлла Амангельдиевна Ибраева

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті директорының орынбасары

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесін дамыту және бірыңғай мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі пилоттық жобаны енгізу туралы

14:40-14:50



Наталья Александровна Дрейт

ҚР ОМ ҰҒПДТО бас директорының академиялық сұрақтар жөніндегі орынбасары, педагог-шебер, магистр

Дене шынықтыруға құндылықтық көзқарасты қалыптастырудағы педагогтердің рөлі

14:50-15:00



Наталья Сергеевна Байсерикова

Жетісу облысы Талдықорған қ. «Абай атындағы 1 орта мектеп-гимназиясы» КММ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Ай күне қазақ гимнастикасын пайдалана отырып емдік дене шынықтыру

15:00-15:10



Серик Карымсакович Темиргалиев

Павлодар қ. «Дарынды балаларға арналған гимназия» ММ дене шынықтыру мұғалімі, педагог-зерттеуші

«QAZ-Нок» жаңа командалық-спорттық форматында «Қазан» қазақ ұлттық ойынын жаңғырту

15:10-15:20



Надежда Петровна Карпова



Ақтөбе қаласы «Пригород орта мектебі» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Дене шынықтыру сабақтарындағы жасанды интеллект: оқу процесін түрлендіру


16:10-16:30

ҚОРЫТЫНДЫ. МАРАПАТТАУ

ТҮСКІ АС



<https://2gis.kz/astana/geo/7000001098198555>



<https://2gis.kz/astana/geo/7000001092731632>

2025 ЖЫЛҒЫ 1 ТАМЫЗ

Астана қаласы, Төле би көшесі 57 а,
№ 101 орта мектеп

10.00-16.30 сағ.

**«Дене шынықтыру: денсаулық, құндылықтар, кәсібилік» атты дене
шынықтыру педагогтері секциясының
ҰСЫНЫМДАРЫ**

Білім беру саясатының тиімділігін арттыру қажеттілігін түсінуді негізге ала отырып, секция қатысушылары білім алушылардың дене тәрбиесі жүйесіндегі тәсілдерді жаңарту қажеттігін атап өтті.

Жаңа білім беру басымдықтарын, атап айтқанда, білім алушыларда әмбебап құзыреттерді, салауатты өмір салты құндылықтарын және өз денсаулығына деген жеке жауапкершілікті қалыптастыруды ескере отырып, секция қатысушылары ұсынады:

ҚР ОАМ Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті, Орта білім комитеті, Техникалық және кәсіптік білім беру департаменті, Стратегия және халықаралық ынтымақтастық департаменті:

- 1) Білім беру ұйымдарында денсаулық және өзін-өзі жетілдіру құндылықтарына негізделген Дене тәрбиесі тұжырымдамасын қабылдауды пысықтау;
- 2) Барлық деңгейдегі МЖМБС-да тәжірибеге бағдарланған тәсілдерді енгізуді ескере отырып, «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуды көздеу;
- 3) Дене шынықтыру педагогтерінің педагогикалық құзыреттілігін дамыту бойынша біліктілікті арттыру курстарынан жүйелі түрде өтуді жоспарлау.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

- 1) Дене шынықтыруды оқушы тұлғасын дамытудың ресурсы ретінде білім беру ұйымдарының біртұтас оқу-тәрбие ортасына біріктіру бойынша нақты шараларды әзірлеу;
- 2) Оқушылардың денсаулығын нығайту мәселелері бойынша білім беру, денсаулық сақтау, облыстық спорт ұйымдары мен ата-аналар қоғамдастығының өзара іс-қимылын жақсарту;
- 3) Біліктілікті арттыру, жобалық мәдениетті дамыту және әдістемелік қолдау көрсету арқылы дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби өсуін қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар кешенін қарастыру;
- 4) Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының Күнтізбелік жоспарын барлық деңгейде (мектеп, аудан (қала), облыс) іске асыруды қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымдары:

1) Оқушыларда таңертеңгі гимнастикамен айналысу және спорт секцияларына қатысу арқылы физикалық белсенділікті арттыру қажеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

2) Әрбір баланың жеке әлеуетін ашуға бағытталған түрлі сыныптан тыс дене шынықтыру-спорттық іс-шараларды ұйымдастыра отырып, оқушылардың физикалық дамуы мен әлеуметтенуіне арналған инклюзивті орта құру бойынша шаралар қабылдау.

3) Жаңа технологиялар мен заманауи спорттық құрал-жабдықтарды енгізу арқылы дене шынықтырудың материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

4) Оқушылардың қызығушылықтарына сай келетін заманауи және стандарттан тыс спорт түрлерінің форматтарын оқу-тәрбие процесіне енгізу.

5) Заманауи коммуникация құралдарын (медиа, әлеуметтік желі, бейнеконтент) және интерактивті ағартушылық түрлерін (квесттер, челленджер, белсенділік марафондары және т.б.) пайдалана отырып, оқушылар арасында дене шынықтырумен шұғылдану мен салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау.

6) Жаңа оқу жылынан бастап оқу-тәрбие үдерісіне күн сайын сабақ басталар алдында міндетті дене шынықтыру жаттығуларын енгізу.

7) Заманауи цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың денсаулығы мен физикалық жағдайын мониторингтеуді ұйымдастыруға және дене шынықтыру педагогтерінің жұмысына цифрлық білім беру ресурстарын енгізуге жағдай жасау.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы:

1) Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Даму стратегиясын әзірлеу және бекіту;

2) 1-11 сыныптардағы «Дене шынықтыру» пәнін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру бойынша шаралар қабылдау және пысықтау;

3) Тәжірибе алмасу және тиімді дене шынықтыру тәжірибесін, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып инклюзивті тәжірибені енгізу мақсатында педагогтердің құзыреттілігін дамыту үшін қолжетімді, интерактивті және кәсіби кеңістік құру;

4) Дене тәрбиесін дамыту мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен және спорт федерацияларымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту.

Осы Ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты *ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне* дейін Министрлікке ұсыну қажет.

Астанада мектептегі «Дене шынықтыру» пәнінің жаңартылған мазмұны мен күнделікті гимнастика таныстырылды

1 тамыз күні Астанада республикалық тамыз кеңесінің аясында «Дене шынықтыру: денсаулық, құндылық, кәсіпқойлық» тақырыбында дене тәрбиесі мұғалімдерінің секциялық отырысы өтті. Іс-шараны ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық дене шынықтыру ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырды.

Секцияда қозғалған басты мәселелердің бірі – оқушыларға арналған таңғы гимнастика кешенінің мектеп тәжірибесіне енгізілуі. Жаттығулар жас ерекшеліктері ескеріліп құрастырылған, оны алғашқылардың бірі болып еліміздің дене шынықтыру мұғалімдері таныстырды. Жаңа оқу жылынан бастап гимнастика жалпы білім беру мекемелерінің күн тәртібіне енеді деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, дене шынықтыру пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалауға қатысты өзгерістер қаралды. Критериалды бағалау жүйесі пәннің ерекшелігін ескере отырып жаңаша модельде ұсынылды.

Секция барысында құттықтау сөз сөйлеп, баяндама жасағандар:

- ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев;
- ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев.

Жиынға еліміздің барлық өңірінен 300-ден астам маман қатысты. Олардың қатарында – мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, білім басқармалары мен мектеп директорлары, әдіскерлер, дене тәрбиесі мұғалімдері және мектепке дейінгі ұйымдардың нұсқаушылары бар.

Баяндамашылар қатарында:

- Ханат Қасенов, Спорт және дене шынықтыру академиясының академиялық қызмет жөніндегі проректоры, PhD, қауымдастырылған профессор. Тақырыбы: *«Дене шынықтыру 4.0: болашақ мамандарды икемді, цифрлық және салауатты қоғамға қалай дайындаймыз»;*
- ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балаларды ерте дамыту институтының директоры Мария Ерманова – *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жетілдірудің басым бағыттары»;*
- Спорт саласының құрметті қайраткері, PhD, Тастанбек Есентаев өз еңбегі – *«Сенің Олимпиадалық оқулығың»* атты кітапты таныстырды;
- «World Class» фитнес клубының нұсқаушысы, Silla, Fight, Xcore, RealRyder бағдарламаларының авторы, OPT Қазақстан арнасындағы

спорт аядарының жүргізушісі «Физикалық зарядка: қолжетімділік, бірізділік, жүйелілік» атты шеберлік сабағын өткізді. Сабақ ата-аналар мен балаларға арналды.

Секция бағдарламасында қамтылған бағыттар:

- мектеп оқушыларына арналған таңғы гимнастиканы оқу процесіне міндетті түрде енгізу;
- дене шынықтыру пәні бойынша критериялды бағалаудың жаңа моделін таныстыру;
- жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы заманауи оқыту тәсілдерімен тәжірибе алмасу;
- оқушылардың қимыл белсенділігін, салауатты өмір салтына қызығушылығын және дене сауаттылығын арттыруға арналған әдістемелерді талқылау.

Секция қорытындысында дене шынықтыру пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушылардың денсаулығын нығайту және мұғалімдердің кәсіби өсуіне бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді.